

**Радиоэкология, радиациялық қауіпсіздік, радиобиология және шектес ғылымдар бойынша мамандар даярлау саласындағы ынтымақтастық туралы келісімді бекіту туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2002 жылғы 23 сәуір N 464

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. 2000 жылғы 30 қарашада Минск қаласында жасалған Радиоэкология, радиациялық қауіпсіздік, радиобиология және шектес ғылымдар бойынша мамандар даярлау саласындағы ынтымақтастық туралы келісім бекітілсін.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

(Ресми емес аударма)

Радиоэкология, радиациялық қауіпсіздік, радиобиология және шектес ғылымдар бойынша мамандар даярлау саласындағы ынтымақтастық туралы

**КЕЛІСІМ**

Осы Келісімге қатысушы мемлекеттер үкіметтері, бұдан әрі - Тараптар,

ұлтаралық достық қарым-қатынастарды нығайтуға, Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы шеңберіндегі өзара тиімді ынтымақтастықты дамытуға ұмтылысын білдіре отырып,

радиациялық факторлардың қазіргі өркениет тұрағы ортасының ажырамас бөлігі болғанын ескере отырып,

Чернобыль және басқа да радиациялық ақпараттардан зардап шеккен Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттердің көпшілігі үшін ортақ радиоэкологиялық проблемалардың маңыздылығы мен айрықша өткірлігін назарға ала отырып,

ірі экологиялық апаттар мен радиоактивті қалдықтардың шоғырлануы сөзсіз үлкен аумақтарды қамтитынын және оларды мемлекеттердің келісімді түрдегі тығыз ынтымақтастығынсыз барынша азайту мүмкін емес екенін ұғына отырып,

ядролық бағдарламаларды ғылыми ілестіру Достастыққа қатысушы мемлекеттерде

біркелкі жүзеге асырылмағанын және Достастыққа қатысушы мемлекеттердің бәрінде бірдей радиоэкология, радиациялық қауіпсіздік, радиобиология және шектес ғылымдар бойынша мамандар даярлау желісі құрылмағанын ескере келіп, төмендегілер туралы келісті:

#### 1-бап

Тараптар радиоэкология, радиациялық қауіпсіздік, радиобиология және шектес ғылымдар бойынша мамандар даярлау, радиациялық әсермен байланысты әлеуметтік және экономикалық проблемалар, сондай-ақ ақпарат және осы проблемалар бойынша жаңа технологиялармен алмасу саласында ынтымақтасатын болады.

#### 2-бап

Тараптардың радиоэкология, радиациялық қауіпсіздік, радиобиология және шектес ғылымдар бойынша мамандар даярлау саласындағы ынтымақтастығы Беларусь Республикасында, Ресей Федерациясында, Украинада және басқа да Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттерде жинақталған тәжірибені ескере отырып, осы мемлекеттердің оқу орындарының (орталықтарының), сондай-ақ Тараптардың басқа оқу орындарының (орталықтарының) базасында жүзеге асырылатын болады.

#### 3-бап

Тараптар осы Келісім күшіне енгеннен кейін үш ай ішінде Радиоэкология, радиациялық қауіпсіздік, радиобиология және шектес ғылымдар бойынша мамандар даярлау саласындағы келісілген бағдарламаны әзірлейді.

Жоғарыда көрсетілген Бағдарламаны әзірлеуді үйлестіру Беларусь Республикасына жүктеледі.

#### 4-бап

Тараптар радиоэкология, радиациялық қауіпсіздік, радиобиология және шектес ғылымдар бойынша мамандар даярлау саласындағы келісілген бағдарламалар бойынша сатылық білім беру желісін дамытуға жәрдем көрсететін болады.

#### 5-бап

Тараптар радиоэкология, радиациялық қауіпсіздік, радиобиология және шектес ғылымдар бойынша мамандар даярлаудың келісілген бағдарламаларын іске асыруға Тараптар аумақтарында жұмыс істейтін құзыретті ведомстволар мен олардың институттарының мамандарын белсенді түрде тартуға жәрдемдесетін болады.

#### 6-бап

Тараптар осы Келісімді іске асыру мақсатында халықаралық қаржы институттарының қаражаттарын тарту үшін қолайлы жағдайлар жасайтын болады.

#### 7-бап

Тараптар радиоэкология, радиациялық қауіпсіздік, радиобиология және шектес ғылымдар бойынша мамандар даярлау сапасын жақсартуға бағытталған қызметті жетілдіру жөніндегі өзара консультацияларды жүзеге асыратын болады.

#### 8-бап

Осы Келісімді қолдану мен түсіндіруге байланысты даулы мәселелер мүдделі Тараптардың өзара консультациялары мен келіссөздері жолымен шешіледі.

#### 9-бап

Осы Келісімге Тараптардың ортақ келісімімен өзгерістер мен толықтырулар енгізілуі мүмкін, олар осы Келісімнің ажырамас бөлігі болып табылады да, жеке хаттамалармен ресімделеді және осы Келісімнің 13-бабында көзделген тәртіпте күшіне енеді.

#### 10-бап

Осы Келісімнің ережелері Тараптардың басқа халықаралық келісімдер бойынша міндеттемелерін қозғамайды.

#### 11-бап

Тараптардың әрқайсысы бұл туралы депозитарийге кеш дегенде 12 ай бұрын жазбаша хабарлама жібере отырып, осы Келісімнен шыға алады.

#### 12-бап

Осы Келісім оның ережелерін мойындайтын кез келген мемлекеттің қосылуы үшін ашық.

#### 13-бап

Осы Келісім оған қол қойылған күннен бастап, ал заңнамасы оның күшіне енуі үшін қажетті мемлекетішілік рәсімдерді орындауды талап ететін мемлекеттер үшін, - депозитарийге тиісті құжаттарды тапсырған күннен бастап күшіне енеді.

## 14-бап

Келісім оның күшіне енген күнінен бастап алты жыл бойы қолданыста болады. Қолданыс мерзімі бітісімен Келісім, егер Тараптар өзгеше шешім қабылдаса, өздігінен сол кезеңге ұзартылады.

Минск қаласында 2000 жылғы 30 қарашада орыс тілінде бір түпнұсқа данада жасалды. Түпнұсқа дана Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығының Атқару комитетінде сақталады, ол осы Келісімге қол қойылған мемлекеттердің әрқайсысына оның көшірмесін жібереді.

Әзербайжан Республикасының Үкіметі үшін  
Армения Республикасының Үкіметі үшін  
Беларусь Республикасының Үкіметі үшін  
Грузия Республикасының Үкіметі үшін  
Қазақстан Республикасының Үкіметі үшін  
Қырғыз Республикасының Үкіметі үшін  
Молдова Республикасының Үкіметі үшін  
Ресей Республикасының Үкіметі үшін  
Тәжікстан Республикасының Үкіметі үшін  
Түркіменстан Республикасының Үкіметі үшін  
Өзбекстан Республикасының Үкіметі үшін  
Украина Республикасының Үкіметі үшін

Мамандар:

Багарова Ж.А.,  
Қасымбеков Б.А.